



**«Кадырбаев оқулары – 2020»  
VI Халықаралық ғылыми  
конференциясы**



**VI Международная научная  
конференция  
«Кадырбаевские чтения – 2020»**





## МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ФОТО-ҚҰЖАТТАР КОЛЛЕКЦИЯСЫН АТРИБУЦИЯЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л. С. Нуркеева

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорының фото-құжаттар топтамасында сақталған сирек кездесетін фотосуреттердің ішінде бірнеше данамен шығарылған ерекше фотосурет бар. Фотосуретте 1968 жылдың 8 шілде күні КСРО астанасы Мәскеу қаласына бағыт алып ұшқан Үндістан Республикасының Президенті Закир Хусейннің Ақтөбе әуежайына келіп қонуы бейнеленген (Ақтөбе облыстық). Дәлірек айтсақ, тәуелсіз Үндістан Республикасын үшінші боп басқарған мұсылман президент.

Закир Хусейн 1897 жылы 8 ақпан күні Британдық Үндістанның Хайдарабад қаласында кхешги тайпасына жататын пуштун отбасында дүниеге келіп, 1969 жылы 3 мамырда ел астанасы Нью-Дели қаласында 72 жасында өмірден өткен. Әйгілі академик Масуд Хусейн мен пәкістандық мемлекеттік телеарна басшысы Анвар Хусейндер оның бауырлары, ал немересі Салман Хуршид 2012-2014 жылдары Үндістанның Сыртқы істер министрі қызметінде болды.

Алигарх мұсылман университетін аяқтаған Закир 1926 жылы Ф.Вильгельм атындағы Берлин университетінде экономика саласы бойынша докторлық дәрежесін қорғаған. 1927 жылы елге оралған Закир Хусейн Джамиа Милля Исламия университетін басқара отыра Үндістанды британдық езгіден құтқаруға бар күш-жігерін салады. Махатма Гандидің шақыртуымен 1937 жылы мектеп бағдарламасын жасақтауға құрылған Негізгі білім бойынша Ұлттық комитет төрағасы қызметін атқарады. 1948-1956 жылдары Алигарх мұсылман университетінің вице-канцлері, 1956-1958 жылдары БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша атқару Кеңесінде (ЮНЕСКО) қызметтерінде болды. 1957 жылы Бихар штатының губернаторы боп тағайындалып, 1962 жылы Үндістанның вице-президенті болып сайланады. 1967 жыл 13 мамыр – 1969 жыл 3 мамыр аралығында Үндістан Республикасы Президенті қызметінде Венгрия, Югославия, КСРО және Непал елдерінде мемлекеттік ресми іс-сапармен болған (Хусейн Закир). 1968 жылдың 8 шілде күні Ақтөбеге келген Үндістан Республикасы президентінің ұшағынан түскен Закир Хусейн мен үнділік делегация және оларды қарсы алған Ақтөбе жұртшылығының ыстық ықыласын түсіріп алып, сол сәтті мәңгілік фотосуреттері арқылы бізге жеткізген Ұлы Отан соғысының ардагері, Сталинград шайқасына қатысқан қаламыздың Құрметті азаматы, әуесқой фотограф Тоқмырза Күнбаев (Кунбаев Тукмурза) еді. Өлкеміздің өткен тарихын қолындағы фотоаппаратымен бір сәтте сақтап қалған суреттері музей қорында сақтаулы.

Музейлік атрибуция – бұл музейлік заттың сипаттамасы белгілі бір ережелерге сүйене жазылуы, сипатталуы. Бұл қандай көрсеткіштер болуы



мүмкін? Музейлік затты атрибуциялауда келесі сипаттамаларға назар аударған жөн:

1. Ұйым атауы. Зат немесе оған қатысты құжатқа ие ұйым атауы толық беріледі. Мысалы: Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі.

2. Сәйкестендірілген нөмір. Музейге түскен заттың жеке нөмірі немесе түсімдер мен тіркеу құжаттарындағы нөмірі. Мысалы: НҚТ – 6579 Ф.2073 АОТӨМ.

3. Типология. Заттың сипаттамасын топтастыру. Мысалы:

1. Фото-құжат.
2. Баспа өнімі.
3. Фотосурет.
4. Фотоқағаз.
5. Фототүсірілім.

Бұл музей қорындағы фотосуреттерге қатысты типологиялық топтастыру түрі.

4. Авторы. Фотосуретшінің аты-жөні ретпен жазылады. Мысалы: Күнбаев Токмырза (әуесқой фотограф).

5. Өндіріс орны. Мысалы: Ақтөбе қаласы, «Спектр» фотосалоны.

6. Зат атауы. Авторлық атауы немесе музейге түскен соң берілген атауы болуы мүмкін. Мысалы: «Приезд Закир Хусейна в Актюбинск» (авторлық атауы)

7. Мерзімделуі. Мерзімі дұрыс көрсетілуі керек. Мысалы: 8 шілде 1968 жыл.

8. Материалы мен жасалуы. Фотосурет, баспадан шығару.

9. Өлшемі. 30x25 см.

10. Қысқаша сипаттамасы. Фотосуреттегі құбылыс немесе іс-әрекетке қарап сипаттама беру. Мысалы: Үндістан президенті Закир Хусейн делегациясы мен Ақтөбе облыстық комитетінің І хатшысы Н.И.Журин бастаған делегация.

11. Сақталуы. Фотосуреттер ескірген, сақталуы жақсы. Арнайы бума ішінде микалентті қағазбен оралып, сақталған (Методические рекомендации).

#### **Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:**

1 Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры. НҚТ-6579 Ф.2073.

2 Хусейн Закир. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Хусейн,\\_Закир](https://ru.wikipedia.org/wiki/Хусейн,_Закир) 24.03.2020 ж

3 Күнбаев Токмурза [http://tarih-begalinka.kz/ru/history/war/figures/kynbaev\\_tykmyrza/](http://tarih-begalinka.kz/ru/history/war/figures/kynbaev_tykmyrza/) 24.03.2020 ж

4 Методические рекомендации по краткому описанию музейного предмета. <http://www.future.museum.ru/> 20.10.2020 ж.



1-сурет. Үндістан президенті бастаған делегацияның Ақтөбеге қонуы.  
Ақтөбе әуежайы, 8 шілде 1968 жыл.



2-сурет. Үндістан президенті Закир Хусейн Ақтөбе әуежайында жергілікті  
тұрғындармен кездесуі. Ақтөбе әуежайы, 8 шілде 1968 жыл.